

Тараз қаласында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Тараз қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 183 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 наурызда № 2571 болып тіркелді
РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тараз қаласында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулыны баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары Маржан Төреғұлқызы Қожаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Календеров

Тараз аласы әкімдігінің
2015 жылғы "23" ақпандағы
№ 183 қаулысына қосымша

Тараз қаласында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы Тараз қалалық әкімдігінің 24.12.2015 № 1213 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын		шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	жергілікті бюджет есебінен	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	жергілікті бюджет есебінен (теңге)	
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар					
Толық күндік шағын орталықтар	1155	1091	13241	12856	10000
оның ішінде:					
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (шағын орталық)	225	0	13241	0	0
Балабақшалар	6318	9197	19165	20723	10000
оның ішінде:					
"Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің "№12 арнайы гастроэнтерологиялық балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, "Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 17 "Арнайы туберкулездік" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	0	692	0	24672	10000
"Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 6 "Арнаулы логопедтік" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, "Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 8 "Арнайы логопедтік "балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	0	774	0	22678	10000
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақша)	2733	0	19165	0	0